



Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1999 жылғы 25 мамырдағы N 241 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің 2000 жылғы 20 қаңтардағы N 24 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 21 ақпанда N 1063 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2004 жылғы 14 желтоқсандағы N 447 (V043333) бұйрығымен.

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. "Мемлекеттік мекемелердің шоттарын ашудың және жабудың тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1999 жылғы 25 мамырдағы N 241 бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік мекемелердің шоттарын ашудың және жабудың тәртібі туралы нұсқаулықта:

2 - т а р м а қ т а :

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) Депозиттік шот - мемлекеттік мекеменің жұмсау құқығынсыз, мемлекеттік мекеменің уақытша иелік етуіне түсетін және белгілі бір шарттар туындаған кезде мемлекеттік бюджетке есептеуге немесе қолданылып жүрген заңдарға сәйкес енгізушілерге, сондай-ақ атқарушы құжаттарды төлеу мақсатында сот орындаушыларының борышкерлерден, үшінші тұлғалардан, борышкерлердің тұмшаланған мүліктерін сатудан түсетін ақшалай сомаларды қабылдау үшін және оларды өндіріп алушыларға беру үшін аумақтық (облыстық, қалалық, аудандық) әділет органдарына қайтарылуға жататын қаражаттарды есептеу үшін а ш ы л а т ы н ш о т .

Депозиттік шот мемлекеттік мекемеге мемлекеттік бюджеттің кірісіне тікелей есептеуге жататын және енгізушілерге қайтарылуға жатпайтын қаражат үшін а ш ы л м а й д ы .

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Түзеу мекемелеріне және тергеу изоляторларына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау істері жөніндегі агенттігінің Қатаң бақылаудағы республикалық психиатриялық ауруханаға депозиттік шот сотталғандардың, қылмыс жасағанға күмәнділер мен кінәлілердің, психиатриялық ауруханадағы пациенттердің жеке ақшасын есептеу үшін және олардың бұл қаражатты заң актілерінде көзделген мынадай ш ы ғ ы н д а р ғ а :

азық-түлік өнімдерін, бірінші қажетті заттарды сатып алуға;
жақын туыстарына және өзге де тұлғаларға ақша аударымын, жөнелтпелер,
б а н д е р о л д а р ж і б е р у г е ;

халықаралық телефонмен сөйлесуге ақы төлеуге;
сауда жүйесі арқылы әдебиет, газеттер мен журналдарға жазылымды сатып
алуға пайдалануы үшін ашылады.

Депозиттік шот "Депозиттер" N 144 баланстық шотында аумақтық
Қазынашылық органында ашылады.";

8) тармақша мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"Бірлесіп қаржыландырудың ағымдағы (арнайы) шоты мынадай:

"Қазақстан Республикасы республикалық бюджетінің есебінен ұсталатын
мекемелердің ағымдағы шоттары" N 141;

"Қазақстан Республикасы жергілікті бюджеттерінің есебінен ұсталатын
мекемелердің ағымдағы шоттары" N 142 баланстық шоттарда облыстық, Астана
және Алматы қалалық Қазынашылық басқармаларында ашылады.";

5-тармақтың екінші абзацындағы "сомаларды" деген сөздерден кейін "және
валюталық қаражаттарды" деген сөздермен толықтырылсын;

7-тармақтың 2) тармақшасының төртінші абзацында:

"немесе нотариалды" деген сөздер, екінші сөйлем алынып тасталсын;

8 - т а р м а қ т а :

2) және 3) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"2) демеушілік және қайырымдылық көмек үшін ұлттық, сол сияқты шетел
валютасындағы ағымдағы шоттар (немесе ашық шоттардың қолданылу мерзімін
ұ з а р т у) :

бюджеттік бағдарламалардың тиісті әкімшілерінің өтініші мен демеушілік
және қайырымдылық көмекті енгізушілердің жазбаша өтініштері негізінде:

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің -
республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісіне берген рұқсаты (4-
қ о с ы м ш а) ;

аумақтық Қазынашылық органының - республикалық бюджеттік
бағдарламалардың әкімшісі мемлекеттік мекемеге берген рұқсаты (4-қосымша);

жергілікті қаржы органының жергілікті бюджеттердің есебінен ұсталатын
мекемеге берген рұқсаты (4-қосымша);

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің өтінішінде оған сәйкес мемлекеттік
мекеме демеушілік және қайырымдылық көмек қаражатын пайдаланатын
нормативтік құқықтық акт көрсетіледі.;

3) депозиттік шоттан (немесе ашық шоттардың қолданылу мерзімін ұзарту):

ұ л т т ы қ в а л ю т а д а :

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің

республикалық бюджеттің есебінен ұсталатын мекемеге берген рұқсаты (5-қосымша) ;

жергілікті қаржы органының жергілікті бюджеттердің есебінен ұсталатын мекемеге берген рұқсаты (5-қосымша);

шетел валютасында (қолма-қол ақшамен және қолма-қол ақшасыз) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі мен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің республикалық бюджеттің есебінен ұсталатын мекемеге рұқсаты негізінде екінші деңгейдегі банктерде (5-қосымша);
"

4) тармақша алып тасталсын;

7) тармақшадағы "(8-тармақтың 2-тармақшасын қоспағанда)" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 9-1-тармақпен толықтырылсын:

"9-1. Мақсатты қаржыландырудың ағымдағы шотын ашу үшін мемлекеттік мекеме аумақтық қазынашылық органының мынадай құжаттарды

7-тармақтың 1-тармақшасына сәйкес ресімделген шот ашуға арналған өтініш;

7-тармақтың 2-тармақшасында белгіленген тәртіппен ресімделген қолдарының үлгілері мен мөртаңбалары бар құжат тапсырады.";

16-тармақтағы "бюджеттік жіктеменің ерекшеліктері бойынша" деген сөздер алып тасталсын;

17-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Бірлесіп қаржыландырудың ағымдағы (арнайы) шотындағы пайдаланылмаған қаражат ағымдағы қаржы жылының 25-нші желтоқсанына дейін жобаны іске асыруды жүзеге асыратын мемлекеттік мекеменің бюджеттік шотына қайта қалпына келтіруге жатады.";

көрсетілген Нұсқаулыққа 2-қосымша 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Нұсқаулыққа 4-қосымша 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Нұсқаулыққа 5-қосымша 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

6-қосымшадағы "Қаржы және жиынтық баланстар бөлімінің бастығы" деген сөздер "Банктік операциялар бойынша бухгалтерлік есеп және есептілік басқармасының бастығы" деген сөздермен ауыстырылсын;

7 - қосымшада :

"сол жақтағы жоғарғы бұрыштағы деректемелерде "Алматы қаласы" деген сөздерден кейін "Қазынашылық басқармасы," деген сөздермен толықтырылсын;

"ҚР ҚМ Қазынашылық комитетінің _____
(облыстық (қалалық - Астан қ., _____) (қолы)

Алматы қ.,) қаржы басқармасының
басшысы"

Қаржы және жиынтық баланстар _____
бөлімінің бастығы (қолы)
(Бас бухгалтер)"

деген сөздер "ҚР ҚМ Қазынашылық комитетінің _____
(облыстық (қалалық - Астан қ., _____ (қолы)
Алматы қ.,) Қазынашылық басқармасының,
қаржы басқармасының басшысы"

Банктік операциялар бойынша _____
бухгалтерлік есеп және _____ (қолы)
есептілік басқармасының бастығы
(Қаржы және жиынтық баланстар
бөлімінің бастығы, бас бухгалтер)";

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде
мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

Министрдің міндетін
атқарушы

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
2000 жылғы 20 қаңтар
N 24 бұйрығына

1-қосымша

2-қосымша

**Қолдардың үлгілері және мөртаңбалар бар
құжат**

Кодтары Қазынашылықтың белгілері

Шоттың иесі (толық атауы)

Шот иесінің почталық мекен-жайы

т е л . N

Қазынашылық (толық атауы)

Кодтары

Қазынашылықтың орналасқан
(оның почталық мекен-жайы)

жері

(ҚР ҚМ Қазынашылық комитеті,
Қазынашылықтың аумақтық органы
(жергілікті қаржы органы)

**Демеушілік және қайырымдылық көмек үшін шот ашуға
(әрекет ету мерзімін ұзартуға)**

Рұқсат

_____ бюджетте ұсталатын _____
(бюджеттің атауы) (мемлекеттік мекеменің атауы)

_____ жұмсалатын
(п а й д а л а н у б а ғ ы т ы)

_____ есепке алу үшін
(валютаның атауы (теңге немесе шет. валютаның түрі)

(қаражат түсетін көздер)

демеушілік және қайырымдылық көмек үшін шот ашуға (демеушілік және қайырымдылық көмек үшін шоттың әрекет ету мерзімін ұзартуға) рұқсат етіледі.

Рұқсат _____ ж." ____"
(бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің атауы)
_____ өтініші негізінде берілді және _____ дейін
(мерзімі көрсетіледі)

жарамды.

(ҚР ҚМ Қазынашылық комитетінің Төрағасы
(қазынашылықтың аумақтық органының (қаржы органының)
басшысы) _____

(қолы)

Банктік операциялар жөніндегі бухгалтерлік есеп
пен есептілік басқармасының бастығы
(қаржы және жиынтық баланстар бөлімінің бастығы)
(бас бухгалтер) _____

(қолы)

Қазынашылықтың белгілері

Шот ашылды N ____ ж." ____"

Операциялық бөлімнің бастығы _____

(қолы)

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
2000 жылғы 20 қаңтар

3-қосымша

5-қосымша

(ҚР ҚМ Қазынашылық комитеті,
(жергілікті қаржы органы)

№ ___ ж. "___" ___

(екінші деңгейдегі банктің,

Қазынашылықтың аумақтық органының атауы)

**Депозиттік шот ашуға
(әрекет ету мерзімін ұзартуға)**

Рұқсат

_____ бюджетте ұсталатын _____
(бюджеттің атауы) (мемлекеттік мекеменің атауы)

_____ аударуға жататын
(б а ғ ы т ы)

_____ есепке алу үшін
(валютаның атауы (теңге немесе шет. валютаның түрі)
(қаражат түсетін түрінің атауы)

депозиттік шот ашуға (депозиттік шоттың әрекет ету мерзімін ұзартуға) рұқсат етіледі.

Рұқсат Қазақстан Республикасы Үкіметінің ___ ж. "___" ___
шешімі негізінде берілді және _____ дейін жарамды.
(мерзімі көрсетіледі)

(ҚР ҚМ Қазынашылық комитетінің Төрағасы
(жергілікті қаржы органының басшысы) _____
(қолы)

Банктік операциялар жөніндегі бухгалтерлік есеп
пен есептілік басқармасының бастығы
(бас бухгалтер) _____
(қолы)

Шот ашылды № ___ Қазынашылықтың белгілері
_____ ж. "___" ___
Операциялық бөлімнің бастығы _____
(қолы)

